

**"Қоршаған ортаға эмиссия үшін 2010 жылға арналған төлем мөлшерлері туралы"  
2009 жылғы 29 желтоқсандағы N 20/5 шешіміне өзгертулер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 27/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 4 тамызда N 1751 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 30/17 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010.12.13 N 30/17 Шешімімен**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасы Кодексінің 495-бабы 9-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңның 6-бабы 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат  
**Ш Е Ш Т І :**

1. «Қоршаған ортаға эмиссия үшін 2010 жылға арналған төлем мөлшерлері туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 19 қаңтардағы № 1735 тіркелген, 2010 жылғы 30 қаңтарда «Солтүстік Қазақстан», 2010 жылғы 30 қаңтарда «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған) келесі  
**ө з г е р т у л е р е н г і з і л с і н :**

«Қоршаған ортаға эмиссия үшін 2010 жылға арналған төлем мөлшерлері туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/5 шешімі 4-қосымшасының 1 және 2 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

| р/с<br>№ | Отын түрлері             | Пайдаланылған отынның<br>тоннасы үшін ставка (АЕК) | 1 |
|----------|--------------------------|----------------------------------------------------|---|
| 1        | 2                        | 3                                                  |   |
|          | Этиленбенген бензин үшін | 0,66                                               |   |
|          | Дизель отыны үшін        | 0,9                                                |   |

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
XXVII сессиясының төрағасы  
Т.У. Қоныспаев*

*Қ. Едіресов*

*Облыстық  
мәслихаттың хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК